

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 12 шілдедегі № 139-VII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Колданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне:

1) 3-баптың 2) тармағы "214-бапта – құны екі мың айлық есептік көрсеткіштен асатын тауарлар саны;" деген сөздерден кейін "217-1-бапта – айлық есептік көрсеткіштен екі жұз есе асатын сомадағы залал;" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 217-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"мұлкі тәркіленіп, бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір мың екі жұз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.";

екінші бөліктің бірінші абзацының 4) тармағы "мұлікті" деген сөзден кейін "не оған құқықты" деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөлікте:

бірінші абзацтың 2) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) аса ірі мөлшерде ақшаны, өзге мұлікті не оған құқықты тарта отырып жасалған;"

;

екінші абзацтағы "он" деген сөз "он екі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) мынадай мазмұндағы 217-1-баппен толықтырылсын:

"217-1-бап. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы жарнамалау

1. Қаржылық (инвестициялық) пирамиданы жарнамалау, яғни айтарлықтай залал келтіре отырып, ақпаратты жария түрде немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе электрондық ақпараттық ресурстарды пайдалана отырып, адамдарды оған тартуға алғып келген жеке және тікелей тарату –

мұлкі тәркіленіп, екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не алты жұз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген:

- 1) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 2) бірнеше рет жасалған;
- 3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған іс-әрекет –

мұлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады".

2. 2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне:

1) 187-баптың 4-1-бөлігінің бірінші абзацы "217 (екінші бөлігінде, үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақтарында)" деген сөздерден кейін ", 217-1 (екінші бөлігінде)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 191-баптың сегізінші бөлігі "217 (бірінші бөлігінде)," деген сөздерден кейін " 217 -1 (бірінші бөлігінде)," деген сөздермен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

К. Токаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК